



«№8 ЖББМ» КММ

*Тақырыбы: Кім боламын? Пікірлесу*

*Өткізген: ДТІЖО Кә Азигуль*

*2023-2024жс*

Тақырыбы: Кім боламын?

Мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңда білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Білімділік – оқушылардың білім шыңына талпынуда алғашқы қадам жасаулары үшін бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы ойларын білу, болашақта мамандық таңдауына ықпал ету, ой бөлісу;

Тәрбиелік – оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектеруге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, мәдениеттілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу;

Дамытушылық – жеке басының сапалық қасиеттерін арттыру, жеке тұлға қалыптастыру бағытында дүниетанымын кеңейту;

Түрі: Дәстүрлі емес

Типі: Дебат

Көрнекілік: мамандық туралы нақыл сөздер, суреттер, мамандықтарға қажетті құрал-жабдықтар, слайд.

Барысы:

Жоспар:

I. Мамандық әлемі

II. «Танысу» ойыны

III. Даналардан шыққан сөз

IV. «Кім жылдам» ойыны

V. «Өз жұлдызыңды жақ» (жоба құрастыру)

VI. «Армандарға жетсек деген тілекпен» (тілектер айту)

Кіріспе:

“Мамандықты дұрыс таңдау - ол өмір жолының сәттілігінің негізі”.

Э. Ф. Зеер.

“Мамандық - адамның қоғамдық мінездемесі”.

Ганс Селье

“Күшіне сенген адам ғана мақсатына жете алады”

Н. Ә. Назарбаев.

Мұғалім: Мамандық - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдау үшін, ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Дұрыс таңдалмаған мамандық әсері мамандық иесінің ғана емес қоғамға кері әсерін тигізеді.

Мамандық таңдау - жасөспірімдердің өміріндегі күрделі де маңызды қиын да қажетті қадамы. Ол мектеп кезінде, жас шағында орындалады. Дегенімен осы жолда оқушыларға қиын болады: көбісі мамандық түрлерін, олардың қандай талап қоятынын білмейді. Көптеген жоғары сынып оқушылары өздерінің іскерліктері мен қабілеттерін дұрыс тани алмай, мамандық таңдауда көптеген

кедергілерге ұшырайды.

9' - сынып оқушыларының алдында тұрған басты мәселе - болашақ мамандығын таңдау. Мамандықты дұрыс таңдау - ол өмір жолының сәттілігінің негізі.

Мамандық таңдау дегеніміз не?

1. Оқушының өз жеке басының ерекшеліктерін тануы;
2. Өзінің жүрегіне үңіліп, бейімділігін бағамдауы;
3. Ұнататын кәсіптердің арасынан біреуін таңдау;
4. Өзінің таңдаған кәсіби аумағын тануы керек.

Мұғалім: Арнайы зерттеулер көрсеткендей 14 - 16 жас аралығындағы жеткіншектер өз бетінше мамандық таңдай алмайды, себебі мамандық таңдағанда олар тек бір ғана белгіге назар аударып, жағдайды жан - жақты талдай алмайды. Оқушылардың 40%- ы ғана еңбек мағынасын қызығушылықпен таңдайды. Сондықтан олардың көбісі өздерінің мамандықтарын тез таба қояды жұмысқа деген шығармашылық қатынасы да ерекшеленеді.

Негізінен, мамандық таңдауды жас адам мектепті бітіру кезінде түсінеді, сосын өз қызығушылықтары мен мүмкіншіліктерін, өздерінің жеке қасиеттерін, мамандықтың қажеттіліктерін, еңбек нарқының қажеттіліктерін біле отырып, сұранысқа қарай таңдайды.

Өз жеке қабілеттерін біліп, мамандық таңдауы жас адамды кәсіби түрде мамандық таңдау ережелерімен таныстырады.

I. (слайд) Мамандық әлемі

Мамандық әлемінде жақсы бағдарлаудан және кәсіби жұмыстан басқа, тепе - тең мамандық таңдауға өз қабілетінді тани білу, өз тарапыңнан кемшіліктерің мен жетістіктеріңді дұрыс бағалау.

Ойлай болса мамандықты дұрыс таңдап көрейік.

II. “Танысу”

Ойынның шарты: Кез - келген оқушыға бір мамандықты атап, келесі оқушы жаңағы айтылған мамандықтың соңғы әрпінен басталатын кәсіпті атайды.

Мысалы: Мұғалім - механик - кондитер т. б

Дәрігер – режиссер – радиотехник т.б.

Пікірталас

- 1) Мамандық таңдауда нені есепке алу керек?
- 2) Адамның қандай қасиеттері кәсіби түрде қажет?
- 3) Адам кәсіби жұмыста қалай табысқа жете алады?
- 4) «Маман иесі» дегенді қалай түсінуге болады?

III. Даналардан шыққан сөз (пікірлесу)

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл жай күнелту тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Ж.Аймауытов

IV. Ойын: «Кім жылдам?»

Слайдтан түрлі мамандық иелеріне қажет құралдарды қойып, екі баланы шығарамын, ойын шартын түсіндіремін. Екі бала екі түрлі мамандық иесіне

қажет құралдарды екі үстелге бөліп жинайды (шаштараз-аспаз, мұғалім-дәрігер)

Ү.«Өз жұлдызыңды жақ» (жоба құрастыру).

Ол үшін сіздерге А4 үлгідегі ақ қағаз бен маркер беремін. Жобаны өз мамандықтарыныңың қызығы мен қиындығын, жетістігі мен кемшілігін түсіне отырып болашақта өз таңдаған мамандық саласы бойынша мақсатыңызды жоба түрінде көрсетіп беріңіздер. (3 минут уақыт беріледі)

ҮІ. «Армандарға жетсек деген тілекпен» деп аталады.

Қазақстанның символына айналған бәйтеректей әрқайсыларыңыз қалаған мамандығымыздың бәйтерегіне айналыңыздар деп бір-бірімізге жақсы тілектер арнайық

ҮІІ. Қорытынды.

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де — бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!

деп Абай атамыз айтқандай алға ұмтылып, армандарыңызға жетіп, сәні мен салтанаты, мәні мен мазмұны келіскен абыройлы мамандық иесі болыңыздар